

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жуалы аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 567 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 қаңтарда № 2479 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 мамырдағы №280 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 17.05.2018 № 280 (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жуалы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырган "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Айбар Құнтуұлы Әділбақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Құлекеев

Жуалы ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 567 қаулысымен бекітілген

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі-ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық

қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі: 080304, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Карабастау ауылы, Бәйдібек көшесі, 1А.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

13. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алғынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы – ауылдық округі әкімінің және ауылдық округі әкімі аппаратының қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуін жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

ауылдық округі әкімінің жұмыс жоспарының сақталуын қамтамасыз ету.

16. Функциялары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тиісті аудандық әкімдіктің лауазымды адамы болып табылады және мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда оның атынан сенімхатсыз өкілдік етеді;

2) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолданады;

3) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі;

4) әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды әзірлең, тиісті мәслихаттың бекітуі үшін жоғары тұрған әкімдіктің қарауына енгізеді;

4-1) әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаны әзірлеу

кезінде жергілікті қоғамдастық жиналышының талқылауына жергілікті маңызы бар мәселелерді Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес аудан бюджетінің құрамында көзделген бағыттар бойынша қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды шығарады;

5) азаматтар мен занды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдеседі;

6) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады;

7) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және қутіп ұсталуын қамтамасыз етеді;

8) шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі;

9) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

10) әділет органдары жоқ жерлерде Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен нотариаттық іс-қимылдар жасауды, азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастырады;

11) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

12) табысы аз адамдарды анықтайды, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізеді, жалғызлікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

12-1) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді;

12-2) мүгедектерге көмек көрсетуді ұйымдастырады;

12-3) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады;

12-4) дene шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуінде ұйымдастырады;

12-5) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

12-6) мүгедектерге қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді;

12-7) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

12-8) ауылдық денсаулық сактау ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

13) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдеседі;

14) қоғамдық көлік қозғалысын ұйымдастырады;

14-1) шұғыл медициналық көмек көрсететін таяу жердегі денсаулық сактау ұйымына дейін жеткізіп салуды ұйымдастырады;

15) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

16) шаруашылықтар бойынша есепке алуды жүзеге асырады;

17) жергілікті бюджетті бекіту (нақтылау) кезінде аудан мәслихаты сессияларының жұмысына қатысады;

18) мектепке дейін тәрбие беретін және оқытатын ұйымдардың, мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді;

19) өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және су пайдалану мәселелерін реттейді;

20) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

21) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

22) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді;

23) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды.

24) аудан орталығымен көлік қатынасын ұйымдастыру жөнінде аудандық атқарушы органға ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ ауылдық жерде оқушыларды мектепке дейін және кейін қарай тегін жеткізіп салуды ұйымдастырады;

25) басқаруына берілген аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (жалдауға) береді;

26) берілген коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

27) берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

28) берілген аудандық коммуналдық занды тұлғаларды басқаруды жүзеге асырады;

жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілетін, басқаруына берілген аудандық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін келіседі;

29) басқаруына берілген коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілейді;

30) берілген аудандық коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жергілікті бюджеттен қаржыланырылуының жеке жоспарларын бекітеді;

31) кіріс көздерін қалыптастырады;

32) бюджеттің атқарулыу жөніндегі орталық уәкілетті органда әкімдердің жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруына бағытталатын ақшаны есепке жатқызуға арналған, жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотының ашылуын қамтамасыз етеді;

33) бюджет қаражаттарын үнемдеудің және (немесе) Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдердің есебінен еңбек шарты бойынша қызметкерлер қабылдайды;

34) жергілікті қоғамдастықтың жиналысында келісілгеннен кейін жергілікті өзін-өзі басқарудың ақша түсімдері мен шығыстары жоспарын бекітеді;

35) мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жасайды және бекітеді.

17. Құқықтары мен міндеттері:

құқықтары:

1) мемлекеттік органдарға, қоғамдық және басқа да мекемелерге, бұқаралық ақпараттық құралдарға ақпараттық-талдау құжаттарын өз құзыреті шегінде дайындауға және ұсынуға;

2) өз құзырының шегінде жергілікті атқарушы органдардан, кәсіпорындардан, ұйымдардан және басқа да мекемелерден ақпараттар мен

3) құжаттарға ресми сұрау салуға және оларды алуға;

4) өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныс енгізуге;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

міндеттері:

1) бұл жөнінде заңды және жеке тұлғалар ресми сұраныс жасаған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама аясында қажетті материалдар мен ақпаратты беруге;

2) "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген езге де міндеттерді орындауға.

3. Мемлекеттік органның қызметін үйымдастыру

18. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ауылдық округі әкімі жүзеге асырады.

19. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ауылдық округі әкімі Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тәртіпте қызметке тағайындалады немесе сайланады.

20. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ауылдық округі әкімі Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тәртіпте қызметінен босатылады және өз өкілеттігін тоқтатады.

21. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ауылдық округі әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бөлімше басшысы және бас мамандары болады.

22. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің өкілеттігі :

1) Билікөл ауылдық округі әкімі, Билікөл ауылдық округі әкімінің аппаратына жүктелген міндеттердің орындалуы және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауап береді;

2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы қымыл жасауға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты;

3) Мекемені тиісті бюджеттік бағдарламалары бойынша мемлекеттік сатып алу жұмыстарын үйымдастыру және жүзеге асыруын қадағалайды;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша мекеме өзі мемлекеттік басқару органы болып табылатын өзінің ведомствалық

бағынысындағы мемлекеттік мекеме, заңды тұлға не бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік басқару органы болып табылатын заңды тұлғамен аффилирленген тұлға үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады.

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ауылдық округі әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

23.. Ауылдық округі әкімі өз бөлімше басшысы мен бас мамандарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Билікөл ауылдық округінің әкімі басқарады.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

25. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған езге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

28. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесін ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК